

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	60 беттің 1-беті

БЕКІТЕМІН

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы- ректордың
уақытша қызметін атқарушы

Г.Д. Сугирбаева


2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ПЕРСОНАЛДАР МЕНЕДЖМЕНТІ

ПРОЦЕДУРАСЫ

СМЖ ОҚПУ ПР 6.01-2025

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісіді:		
Басқарма мүшесі –Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор		Исабек Б.Қ.
Басқарма мүшесі –Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор		Керимбеков Е.Р.
Стратегиялық даму және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а.		Иманбердиева М.Н.
Адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры		Мельдешева А.С.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Әзірлеген:		
Адами ресурстарды дамыту департаментінің заңгері		Аманкулова Б.С.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « 13 » 01 2025 ж. « 12 » 01 2025 ж. дейін ұзартылды: « ____ » ____ 20 ____ г.	Енгізілді: № 4/05 бұйрық Енгізілген күні: « 13 » 01 2025 ж.	СМЖ ОҚПУ ПР 6.01-2025 Басылым 3 Тіркеу № 3 Көшірме № 1
--	--	---

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 2-беті

Мазмұны

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативті сілтемелер	4
3 Терминдер мен анықтамалар	5
4 Белгілер мен қысқартулар	6
5 Жауапкершілігі мен өкілеттілігі	7
6 Процестің сипаттамасы	7
7 Тәуекелдерді басқару	21
Қосымша 1 «Персоналдар менеджменті» процесінің алгоритмдік сызбасы	23
Қосымша 2 Әңгімелесуді жүргізу кезіндегі сұрақтардың үлгілік тізімі	25
Қосымша 3 ОПК, декан, декан орынбасары, кафедра меңгерушілері, ӘБК, ОҚҚ, ЖП үшін еңбек шартының үлгісі	26
Қосымша 4 Еңбек шартына қосымша келісімнің үлгісі	30
Қосымша 5 Жұмыс орнынан берілетін анықтама үлгісі	31
Қосымша 6 Штаттық формуляр үлгісі	32
Қосымша 7 Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы үлгісі	33
Қосымша 8 Анықтамаларды тіркеу мен беру журналының үлгісі	34
Қосымша 9 Еңбекке жарамсыздық парағын тіркеу журналының үлгісі	35
Қосымша 10 Еңбек келісімшарттарын тіркеу журналының үлгісі	36
Қосымша 11 Университет құрылымдық бөлім басшылары бос лауазымдарына конкурстық орналасу құжаттарын тіркеу журналының үлгісі	37
Қосымша 12 ОПК, ҚБ жұмыскерлерін жұмысқа қабылдау мен ауыстыру жөніндегі өтініштер үлгісі	38
Қосымша 13 Бала күтімі бойынша демалыстан кейін ОПК және ҚБ жұмыскерлерінің жұмысына кірісуі жөніндегі өтініш үлгісі	40
Қосымша 14 ОПК мен ҚБ жұмыскерлерінің жұмыстан шығуы жөніндегі өтінішінің үлгісі	41
Қосымша 15 Үстемақы\қосымша ақы төлеу жөніндегі қызметтік хат үлгісі	42
Қосымша 16 ОПК мен ҚБ жұмыскерлердің тегін өзгертуі жөніндегі өтінішінің үлгісі	43
Қосымша 17 ОПК мен ҚБ жұмыскерлеріне еңбек демалысын беру жөніндегі өтініш үлгісі	44
Қосымша 18 Жұмыс орнында болмауы туралы актінің үлгісі	45
Қосымша 19 ОПК мен ҚБ жұмыскерлеріне жүктілігі мен босануы бойынша демалыс беру жөніндегі өтініш үлгісі	46
Қосымша 20 ОПК мен ҚБ жұмыскерлеріне бала күтімі бойынша демалыс беру жөніндегі өтініш үлгісі	47
Қосымша 21 ОПК және ҚБ жұмыскерлеріне айлық жалақысы сақталмайтын демалыс беру жөніндегі өтініш үлгісі	48

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 3-беті

Қосымша 22 Материалдық көмек көрсету жөніндегі өтініш үлгісі	49
Қосымша 23 Университет құрылымдық бөлім басшылары бос лауазымдарына конкурстық орналасу үшін өтініш үлгісі	50
Қосымша 24 ОПК, жұмыскерлердің қоса атқаруға арналған өтініш үлгісі	51
Қосымша 25 ОПК жүктеме үлесін өзгерту туралы қызмет хат үлгісі	52
Қосымша 26 ОПК, жұмыскерлердің зейнеткерлік жасына жетіп еңбек шарты мерзімін ұзарту өтінішінің үлгісі	53
Қосымша 27 ОПК, ҚБ, ОҚҚ жұмыскерлердің еңбек демалысының кестесі	54
Қосымша 28 Жұмыскерлердің жеке құрам бойынша бұйрықтарды тіркеу журналы (75 жыл)	55
Қосымша 29 Жұмыскерлердің жеке құрам бойынша бұйрықтарды тіркеу журналы (5 жыл)	56
Қосымша 30 Негізгі қызмет бойынша бұйрықтарды тіркеу журналы	57
Қосымша 31 Университет басшысының өкімдерін тіркеу журналы	58
Қосымша 32 Жұмыскерлердің еңбек кітапшаларын есепке алу журналы	59
Қосымша 33 Жұмыскерлердің еңбек кітапшаларын беру журналы	60
Қосымша 34 Өзгерістерді тіркеу парағы	61

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 4-беті

1 Қолдану саласы

1.1 Бұл Процедура (ары қарай–ПР) «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» (ары қарай ОҚПУ) КеАҚ-да жұмыскерді басқару тәртібін белгілейді.

1.2 Университеттің осы іс-шарасы жұмыскерді басқаратын лауазымды тұлғалар үшін міндетті жетекші құжат болып табылады және ОҚПУ сапа менеджменті жүйесінің құжаттамаларының құрамына енеді.

1.3 ПР авторлық құқық нысаны болып табылады және Басқарма төрағасы-Ректордың рұқсатынсыз оны бөгде ұйымға беруге рұқсат етілмейді.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 Процедурада келесі нормативті құжаттарға сілтемелер пайдаланылған: ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

Жоғары білім МЖМБС. Бакалавриат.

Жоғары орнынан кейінгі МЖМБС. Магистратура және докторантура.

СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Құжаттамаларды басқару.

СМЖ ОҚПУ Е 6.04-2025 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамы және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже;

СМЖ ОҚПУ Е 6.05-2025 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже.

2.2 Процедура жазбалардың келесі формаларына ықпал етеді:

- Ф.6.01-01 ОПК, жұмыскерлер үшін еңбек шартының үлгісі
- Ф.6.01-02 Еңбек шартына қосымша келісім үлгісі
- Ф.6.01-03 Жұмыс орнынан берілетін анықтама үлгісі
- Ф.6.01-04 Штаттық формуляр үлгісі
- Ф.6.01-05 Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы үлгісі
- Ф.6.01-06 Анықтамаларды тіркеу мен беру журналы үлгісі
- Ф.6.01-07 Еңбекке жарамсыздық парағын тіркеу журналының үлгісі
- Ф.6.01-08 Еңбек шарттарын тіркеу журналының үлгісі
- Ф.6.01-09 ОПК, жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау мен ауыстыру жөніндегі өтініштер үлгісі
- Ф.6.01-10 Бала күтімі бойынша айлық жалақысы сақталмайтын демалыстан кейін ОПК және жұмыскерлерінің жұмысына кірісуі жөніндегі өтініш үлгісі
- Ф.6.01-11 ОПК және ҚБ жұмыскерлерінің жұмыстан шығуы жөніндегі өтініштің үлгісі
- Ф.6.01-12 Үстемеақы/қосымша ақы төлеу жөніндегі қызметтік хат үлгісі
- Ф.6.01-13 ОПК мен ҚБ жұмыскерлердің тегін өзгертуі жөніндегі

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 5-беті

- өтінішінің үлгісі
- Ф.6.01-14 ОПҚ және ҚБ жұмыскерлерінің еңбек демалысын беру жөніндегі өтініш үлгісі
- Ф.6.01-15 Жұмыс орнында болмауы туралы актінің үлгісі
- Ф.6.01-16 ОПҚ мен жұмыскерлерге жүктілігі мен босануы бойынша демалыс беру жөніндегі өтініш үлгісі
- Ф.6.01-17 ОПҚ мен ҚБ жұмыскерлерге бала күтімі бойынша демалыс беру жөніндегі өтініш үлгісі
- Ф.6.01-18 ОПҚ мен жұмыскерлерге жалақысы сақталмайтын демалыс беру жөніндегі өтініш үлгісі
- Ф.6.01-19 Материалдық көмек көрсету жөніндегі қызмет хат үлгісі
- Ф.6.01-20 Университет құрылымдық бөлім басшылары бос лауазымдарына конкурстық орналасу үшін өтініш үлгісі
- Ф.6.01-21 ОПҚ, жұмыскерлердің қоса атқаруға арналған өтініш үлгісі
- Ф.6.01-22 ОПҚ жүктеме үлесін өзгерту туралы қызмет хат үлгісі
- Ф.6.01-23 ОПҚ, жұмыскерлердің зейнеткерлік жасына жетіп еңбек шарты мерзімін ұзарту өтінішінің үлгісі
- Ф.6.01-24 ОПҚ, жұмыскерлердің еңбек демалысының кестесі
- Ф.6.01-25 Жұмыскерлердің жеке құрам бойынша бұйрықтарды тіркеу журналы (75 жыл)
- Ф.6.01-26 Жұмыскерлердің жеке құрам бойынша бұйрықтарды тіркеу журналы (5 жыл)
- Ф.6.01-27 Негізгі қызмет бойынша бұйрықтарды тіркеу журналы
- Ф.6.01-28 Университет басшысының өкімдерін тіркеу журналы
- Ф.6.01-29 Жұмыскерлердің еңбек кітапшаларын есепке алу журналы
- Ф.6.01-30 Жұмыскерлердің еңбек кітапшаларын беру журналы

3 Терминдер мен анықтамалар

Процедурада ҚР СТ ИСО 9000, МЖББС 3.001, МЖББСҚР 5.03.001, ҚРСТ 1157 сәйкестіктегі терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4 Белгілер мен қысқартулар

Процедурада келесі қысқартулар қолданылады:

ОҚПУ- Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті;

КеАҚ-коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ӘБП – әкімшілік-басқару персоналы;

МЖББС – мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты;

АкІД– академиялық істер департаменті;

ҚР Ғж ЖБМ–Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ҒЖ ж И – ғылыми жұмыс және инновация;

СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 6-беті

ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;
СЖЖМБ– стратегиялық жоспарлау және менеджменті бөлімі;
АжМБ – аккредитация және мониторинг бөлімі
ҮББО – Үздіксіз білім беру орталығы
АРДД – Адами ресурстарды дамыту департаменті;
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
ОҚҚ – Оқу-қосалқы құрамы;
ҚБ – құрылымдық бөлім;
ҚЕ – құрылымдық ереже.

5 Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

5.1 Процедураны ОҚПУ Басқарма төрағасы-Ректоры бекітеді.

5.2 Процедураны енгізу мен басқаруға СБӨ жауапты.

5.3 Осы ПР ережелерінің ҚР СТ ИСО 9001:2016 стандарты талаптарына сәйкестігіне СБӨ жауапты.

5.4 Процедураның нақты орындалуы бойынша іс-әрекеттерді ұйымдастыру мен үйлестіруге, қызметкерлер менеджменті мен бөлімдердің соңғы нәтижелерінің сапасына Адами ресурстарды дамыту департаментінің (АРДД) директоры мен СБӨ басшысы жауапты, олар нақты кезең орындалуының қатысушылары болып табылады.

5.5 Бөлімшелердегі СМЖ процедураларының сақталуы мен рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік акпараттардың тарап кетпеуіне АРДД директоры жауапты.

5.6 Осы процедураны басқарудың СМЖ ОҚМПУ ПР 4.01-2021 сәйкестігіне АРДД директоры жауапты.

5.7 Процедурадағы өзгерістерді АРДД директоры «Өзгерістерді тіркеу парағына» белгі түсіре отырып енгізеді (**Қосымша 26**).

6 Процестің сипаттамасы

«Персоналдар менеджменті» іс-шарасының әрекет ету процесі **Қосымша 1** келтірілген.

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Осы процедура университет жұмыскерлерін басқаруға қатысатын жетекшілер мен мамандардың іс-әрекетін реттейді.

6.1.2 Процедура жұмыскерді басқару тәртібін анықтайды және ОҚПУ барлық жұмыскерлеріне қатысты болып саналады.

6.1.3 Процедура қажетті жұмыскерді басқару құралдарын анықтайды және ҚР СТ ИСО 9001-2016 стандартына сәйкестігін және қойылатын талаптарын белгілейді:

-білім беру қызметінің сапасына ықпал ететін жұмысты орындайтын жұмыскер үшін қажетті құзыреттілік деңгейін анықтауға;

- осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатында басқа да іс-әрекеттерді даярлау мен қабылдауды қамтамасыз етуге;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 7-беті

- қабылданған процедураның нәтижелілігін бағалауға;
- өз жұмыскерін сапа саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге үлес қосу мен оның қызметінің маңыздылығы мен өзектілігі жөнінде хабардар етуді камсыздандыруға;
- жұмыскердің білімі, даярлығы, дағдылары және тәжірибесі туралы тиісті жазбаларды жұмыс жағдайында ұстау.

Персоналдарды басқару процесін жоспарлау

6.2.1 Персоналдарды басқару процессін жоспарлау жұмыскерлерге қажетті уақытта және қажетті мөлшерде олардың қабілеттіліктерімен бейімдіктеріне, сондай-ақ тұтынушы қоятын талаптарға сәйкес жұмыс орындарын ұсыну болып табылады.

6.2.2 Персоналдарды басқару жөніндегі жоспарлар шығыс және кіріс акпараты мен деректерді айқындай отырып, сапа менеджменті жүйесінің процестерін модельдеу негізінде жүзеге асырылатын персоналдарға қажеттілікті талдау, персоналды даярлау, кәсіби бейімдеу негізінде қалыптастырылуы тиіс.

6.3 Персоналдарға қажеттілікті жоспарлау

6.3.1 Персоналдарға мұқтаждықты талдау бар және жоспарланған жұмыс орындары, ұйымдық-техникалық процедура өткізу жоспары, штаттық кесте мен қаржы департаментінің ваканттық лауазымдарға орналастыру жоспары жөніндегі мәліметтеріне негізделуі тиіс.

6.3.2 Әрбір нақты жағдайларда персоналға мұқтаждықты анықтау кезінде университеттің сәйкес құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері қатысуы ұсынылады.

6.3.3 Персоналға қажеттілікті мына процедураны пайдалану көмегімен қаржы департаменті жоспарлайды:

- Персонал қажеттілігіне ықпал көрсететін факторларды анықтау;
- Персоналдың сапалық қажеттілігін анықтау;
- Персоналдың сандық қажеттілігін анықтау.

6.3.4 Персонал қажеттілігіне ықпал көрсететін факторлар кіріс деректері болып табылады.

6.3.5 АқІД енгізілген мамандықтар, бағыттар, ОҚПУ пәндері негізінде қызмет етуші жұмыскердің кәсіби біліктілігі талаптарын анықтай отырып, жұмыскердің сапалық қажеттілігін анықтайды.

6.3.6 Сан нормативтері ҚР БжҒМ-де белгіленеді және регламенттеуші талаптар болып табылады.

6.4 ОҚПУ жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру және шығару тәртібі

6.4.1. ОҚПУ-де жұмысқа орналасу кезінде жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шарты жасалады. (**Қосымша 3**).

6.4.2. Еңбек шарты жазбаша түрде екі данада жасалады, оның біреуі АРДД-де сақталады, екіншісі жұмыскердің қолына беріледі. Жұмыскердің еңбек

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 8-беті

шартының бір данасын алуы **Қосымша 10** сәйкес еңбек шартын тіркеу журналында оның қолымен расталады.

6.4.3. Еңбек шарты Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 28 бабының талабы негізінде жасалады.

6.4.4. Жұмысқа қабылданатын тұлға, еңбек шартын жасау кезінде Адами ресурстарды дамыту департаментіне келесі құжаттарды (ҚР Еңбек кодексінің 32 бабына, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» № 293-VI заңына және сәйкес) ұсынуға міндетті:

- 1) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- 2) өмірбаян;
- 3) жеке куәліктің көшірмесі;
- 4) білімі туралы құжаттардың, сертификаттардың көшірмелері;
- 5) мемлекеттік және басқа да наградалармен наградтау, құрметті және арнаулы атақтар беру туралы шешімдердің көшірмелері;
- 6) жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау, ауыстыру, атқаратын лауазымынан босату, жұмыстан босату туралы өкімдік құжаттардың көшірмелері немесе көрсетілген өкімдік құжаттардың үзінділері;
- 7) жұмысқа қабылдау, ауыстыру, жұмыстан босату туралы өтініш;
- 8) конкурстық комиссияның қорытындысы бойынша бұйрықтан үзінді көшірме;
- 9) жеке деректерді жинау және өңдеу үшін келісім
- 10) Қандастар жергілікті атқарушы органдар берген қандас куәлігін ұсынады;
- 11) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) не босқын куәлігі;
- 12) тиісті білімді, машық пен дағдыны талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасау кезінде білімі туралы құжат, кәсіптік біліктілігін тану туралы құжат (бар болған кезде), арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;
- 13) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- 14) алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осындай куәландырудан өтуге міндетті адамдар үшін) қажет;
- 15) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 16) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 17) кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасасу үшін адам: адам өлтіру, денсаулыққа

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 9-беті

касақана зиян келтіру, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы сияқты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама;

18) адам азаматтық қызметтің мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымына немесе квазимемлекеттік сектор субъектисіндегі жұмысқа кірген кезде жұмыс беруші осы адамға қатысты оның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы талап етіп алдырады;

19) жұмыскер қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шартын басқа жұмыс берушімен жасасу үшін негізгі жұмыс орны бойынша еңбектің сипаты мен шарттары (жұмыс орны, лауазымы, еңбек жағдайлары) туралы анықтама;

20) мемлекеттік органның шетелдік жұмыскерлері тартылған кезде еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен шетелдік жұмыскерлерді тарту тәртібіне сәйкес айқындалады.

6.4.6 Шетел азаматын жұмысқа қабылдаған жағдайда шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу қажет. Жақын және алыс шет елдерден оқытушы, ғылыми қызметкер ретінде шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстанның еңбек нарығында салалық ғылымның ерекшелігін, ерекше біліктілікті, білім деңгейі мен дағдыларын меңгерген ұқсас маман болмаған жағдайда іске асырылады.

6.4.7 Қажет болған жағдайда білім алушылар немесе оқытушылар, университет қызметкерлері ұсынатын сертификаттар, дипломдар, шет елде білім алу, оқу курстарынан өту және біліктілікті арттыру мен мамандандыру фактілерін растайтын не азаматтық хал актілері туралы куәліктер және басқа да заңды құжаттар консулдық қызмет қоятын апостильмен расталуы және куәландырылуы, яғни заңдастырылуы тиіс.

6.4.8 Егер еңбек шарты бірінші рет жасалса, онда университет еңбек кітапшасын ресімдейді. Жұмысқа кіретін адамның еңбек кітапшасын жоғалтуына, бүлінуіне немесе өзге де себептеріне байланысты болмаған жағдайда, Университет осы тұлғаның жазбаша өтініші бойынша (еңбек кітапшасының болмау себепін көрсете отырып) жаңа еңбек кітапшасын ресімдейді немесе еңбек қызметін растайтын нақты деректермен анықтама береді.

6.4.9 ОҚПУ-де ғылыми-педагогикалық (оқытушы-профессор құрамы, ғылыми қызметкерлер), әкімшілік-басқару, әкімшілік-шаруашылық, өндірістік, Оқу-көмекші және өзге де жұмыскердің лауазымдары көзделеді.

6.4.10 Университет қызметкерлерімен еңбек шарттары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 30-бабының талаптарына сәйкес жасалады. Ғылыми-педагогикалық қызметкер лауазымына орналасуға арналған еңбек шартын жасасудың, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық қызметкер лауазымына

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 10-беті

ауыстырудың алдында тиісті лауазымға конкурс бойынша сайлану болады және ол осы лауазымға СМЖ ОҚПУ Е 6.04-2025 ««Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ оқытушы – профессорлар құрамы мен әкімшілік басқару персоналы лауазымдарына конкурстық тағайындау туралы ережесіне сәйкес өткізіледі. Құрылымдық бөлімдердің басшылары лауазымдарына орналасу конкурсы осы рәсімнің 6.5-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

6.4.11 Еңбекке сағат бойынша ақы төлеу шартымен оқытушыларды жұмысқа тарту уәкілетті органдардың нормативтік актілерінде және ОҚПУ актілерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

6.4.12 Педагогикалық қызметкерлерінің лауазымдарын алмастыру, сондай-ақ ОҚПУ басқа қызметкерлерінің лауазымдарын алмастыру (**Қосымша 11**) ол Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, ұжымдық шартта, ОҚПУ Жарғысында және актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6.4.13 ОПК және колледж қызметкерлерінің ОҚПУ жүктемесі өзгерген жағдайда, **Қосымша 25** сәйкес Басқарма төрағасы-ректордың атына өтініш жазады. Өтініш белгіленген тәртіппен қаралады.

6.4.14 Зейнеткерлік жасқа жеткен ОҚПУ-нің ОПК қызметкерлері еңбек шартын ұзарту үшін **Қосымша 26** ұсынылған нысанға сәйкес Басқарма төрағасы-ректордың атына өтініш жазады.

6.4.15 Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау кезінде жасалған еңбек шарты негізінде Басқарма төрағасы-ректордың (өзге де уәкілетті лауазымды адамның) бұйрығымен ресімделеді.

6.4.16 Жұмысқа қабылдау кезінде АРДД қызметтік нұсқаулыққа жұмыскерді таныстырып (қолын қойғызып), ОҚПУ Жарғысымен, осы Қағидалармен, ОҚПУ-нің қызметкердің еңбек функциясына қатысты өзге де нормативтік актілерімен (оның ішінде тиісті құрылымдық бөлімше туралы ережемен, қызметтік нұсқаулықпен) және ұжымдық шартпен таныстыруға міндетті.

6.4.17 ОҚПУ жұмысқа қабылдаған жұмыскерге жеке іс арналады.

6.4.18 АРДД жауапты лауазымдық тұлғасы жұмыскердің білімі, дайындығы, дағдылары мен тәжірибесі туралы тиісті жазбаларды, кадр жұмысы туралы есептерді, дипломдардың, сертификаттардың, куәліктердің көшірмелерін, еңбек кітапшаларындағы жазбаларды және т.б. жұмыс жағдайында ұстауы тиіс.

6.4.19 ОҚПУ штатына қабылданған жұмыскер жұмыс басталар алдында өзінің өкілеттіктерін, міндеттерін, жауапкершілігін айқындайтын қызметтік нұсқаулықпен (құрылым басшысы) танысуға және қауіпсіздік техникасы (жауапты тұлға), өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқамадан (жауапты тұлға) өтуге тиіс.

6.4.20 Қалған нысандар жұмысқа қабылдау және еңбек шартының мерзімін ұзарту жөніндегі өтініш қосымшаларда.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 11-беті

6.5 Университеттің құрылымдық бөлімдерінің басшылары лауазымына орналасу конкурсын конкурстық комиссия өткізеді.

1. Конкурс туралы хабарландыру enbek.kz сайтында және okmru.edu.kz университеттің ресми сайтында орналастырылады.

2. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) бос лауазымның атауы;
- 2) университеттің атауы, орналасқан жері, пошталық мекен – жайы, телефоны;
- 3) құжаттарды қабылдаудың аяқталатын күні мен уақыты;
- 4) тиісті саланың үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар;
- 5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;
- 6) конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар университет ректорының атына өтініш (еркін нысанда жазады).

6.5.1 Конкурстық комиссияны қалыптастыру

1. Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті басшылық құрамының лауазымдарға тағайындауға арналған комиссияның саны, дербес құрамы және оның өкілеттік мерзімі университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың тиісті бұйрығымен анықталады және бекітіледі.

2. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері.

- 1) Меритократия қағидаларын сақтай отырып, конкурсты жүргізу;
- 2) Үміткерлердің барлығына бірдей теңдік **принциптерін** ұстану;
- 3) Үміткерлер арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 4) Әділдіктің сақталуына және конкурстың жариялы түрде өтуін қамтамасыз ету;
- 5) Конкурстық комиссия отырысының кестесін анықтау;
- 6) Конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;
- 7) Конкурстың қорытындысы бойынша шешім шығару болып табылады.

3. Конкурстық комиссия келесі құрамда құрылады:

3.1 Әкімшілік-басқару персоналының құрамы үшін:

- 1) конкурстық комиссияның төрағасы – стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры,
- 2) хатшы – ғылыми дәрежесі бар штаттық қызметкер және комиссия мүшелері,
- 3) құрамында кемінде үш адам (жоо штаттағы оқытушылары немесе қызметкерлері қатарынан, адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры, заң департаментінің директоры, кәсіподақ комитетінің төрағасы).

3.2 Профессор-оқытушылар құрамы үшін:

- 1) конкурстық комиссияның төрағасы – академиялық мәселелер жөніндегі проректор,

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 12-беті

2) хатшы – ғылыми дәрежесі бар штаттық қызметкер және комиссия мүшелері,

3) құрамында кемінде үш адам (жоо штаттағы оқытушылары немесе қызметкерлері қатарынан, адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры, заң департаментінің директоры, кәсіподақ комитетінің төрағасы).

6.5.2 Конкурс қатысушыларының құжаттарын қабылдау және қарау

1. Бос лауазымдарға арналған конкурсқа өтініштер (еркін нысанда) **(Қосымша 23)** хабарландыру жарияланған күнінен бастап екі аптадан кешіктірмей беріледі.

2. Өтінішке конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

3. Университетте жұмыс істеп жүрген қызметкерлерге де конкурсқа қатысуға рұқсат етіледі.

4. Конкурсқа қатысушы білімі, кәсіптік деңгейі жайлы қосымша ақпарат, сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.

6.5.3 Конкурсты өткізу тәртібі

1. Конкурс мына кезеңдерден тұрады:

1) Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің басшылық құрамы лауазымдарға орналасуы үшін үміткерлердің өтініштерін қарастыру;

2) Университетінің басшылық құрамы лауазымдарға орналасуы үшін үміткерлермен сұхбаттасуды өткізу;

3) Конкурстың қорытындыларын шығару.

2. Жоғары оқу орны:

1) конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;

2) конкурсты өткізу күні мен орны анықталады;

3) конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдау, тіркеу және сақтау жүргізіледі;

4) Комиссия отырысын ұйымдастырады.

3. Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін қажетті құжаттарды табыс еткен азаматтар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

4. Сұхбаттасудың мақсаты – үлгілік біліктілік сипаттамалар негізінде үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау.

5. Бұдан кейін конкурстық комиссия университеттің басшылық құрамы бос лауазымдарға орналасуға конкурстық іріктеу бойынша ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 13-беті

6. Ашық дауыс беру кезінде конкурстық комиссияның шешімі бағалау парақтарының нәтижелері негізінде конкурстық комиссияның мүшелері санының басым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссия отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі отырысқа қатысқанда заңды деп саналады.

Талқылау барысы және конкурстық комиссияның қабылданған шешімі, оған конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

Ерекше пікірі бар конкурстық комиссияның мүшелері оны білдірген жағдайда оны комиссия хаттамаға қоса берілетін жазбаша нысанда баяндайды.

7. Жасырын дауыс беру барысында конкурстық комиссия кезінде осы Ережеге 7 – қосымшаға сәйкес лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру үшін үміткерді бюллетеньге (бұдан әрі-Бюллетень) енгізу туралы шешім қабылдайды.

8. Дауыс беруші тұлға кандидатты қабылдауға келісетіндігін немесе келіспейтіндігін әр кандидаттың аты-жөнінің қасында жазылған «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздерді белгілеу арқылы білдіреді. конкурстық іріктеуде бір лауазымға екі және одан да көп үміткер қатысқан жағдайда, бюллетеньде бірде-бір аты-жөні сызылып тасталмаса, онда ол жарамсыз деп танылады.

9. Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс берудің алдында конкурстық комиссия арасынан кемінде үш адамнан тұратын есептеу комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әр кандидатура бойынша берілген дауыстардың нәтижесін жариялайды. Есеп комиссиясының хаттамасын конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қосады.

10. Конкурс өткізу кезінде конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 мүшесі дауыс беруге қатысқан жағдайда, жарамды болып саналады.

11. Кандидат, егер оған комиссия құрамынан қатысып отырғандардың көпшілігі дауыс берген жағдайда оң қорытындыға ие болады. Дауыс берген кезде дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Жасырын дауыс беру арқылы қабылданған конкурстық комиссияның шешімі, егер ол осы Қағидаларды сақтау негізінде қабылданған болса, түбегейлі болып саналады.

12. Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әр бос лауазымға үміткер бойынша еңбек шартын жасау үшін «жоғары оқу орнының басшысына ұсынылады» немесе «жоғары оқу орнының басшысына ұсынылмайды» деген жазумен ұсынымдар дайындайды.

Комиссия хатшысы конкурсқа қатысқан тұлғаларды конкурстың нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен таныстырады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 14-беті

13. Еңбек шартын жасасу 10 күнтүзбелік күннен кешіктірмей, конкурстық комиссия отырысы аяқталғаннан және жоғары оқу орны ректорының шешімінен кейін жүргізіледі.

14. Университеттің басшылық құрамы лауазымдарға тағайындау конкурсының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарты жасалады.

6.5.4. Шағымдану тәртібі

1. Үміткерлердің конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімдерімен танысуға құқығы бар.

2. Комиссиясының шешіміне конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

6.6 Жұмыскерді ауыстыру (басқа лауазымға ауыстыру).

6.6.1 Басқа жұмысқа ауыстыру–жұмыскердің және (немесе) жұмыскер жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің (егер де құрылымдық бөлімше еңбек келісімшартында көрсетілген болса) жұмысын тұрақты немесе уақытша өзгерту, жұмысын дәл сол жұмыспен қамтуды жалғастыру жағдайында, сондай-ақ жұмыспен қамтумен бірге басқа жерге ауыстыру. Басқа жұмысқа ауыстыруға жұмыскердің жазбаша келісімінсіз жол берілмейді (**Қосымша 12**).

6.6.2 Өндірістік қажеттілік жағдайында басқа жұмысқа уақытша ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 41 бабының 1 тармағында қарастырылған. ЖОО-да басқа жұмысқа ауысуды қалайтын Жұмыскер өзі жұмыс істейтін ЖОО Басқарма төрағасы-ректоры атына өзі ауысқысы келетін құрылымдық бөлімше жетекшісіне вакансия бар болған жағдайда өтініш жазады (**Қосымша 11**).

6.6.3 Жұмыскер университет ішінде басқа жұмысқа ауысқан кезде тараптар осы еңбек шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, осы еңбек шартына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен (**Қосымша 4**) қосымша келісім жасалады. Қосымша келісімдерді жұмыскермен АРДД жауапты тұлғасы қосымша келісімдерін еңбек шарттарын тіркеу журналында тіркейді (**Қосымша 10**).

6.7 Жұмыстан босату жөніндегі бұйрықты шығару.

6.7.1 Егер университет жұмыскері жұмыстан кетуді шешсе, онда ол жұмыстан босатылатын күні мен жұмыстан шығу себебін көрсете отырып өтініш жазады (**Қосымша 14**). Өтініш белгіленген тәртіппен келісіледі. Жұмыстан босату туралы өтінішке ОҚПУ Басқарма төрағасы-Ректоры немесе жауапты проректор қол қояды. Қажет болған жағдайда өтінішке: сот шешімі, әскери комиссариаттан шақыру қағазы немесе МӘСК-тен анықтама (медициналық айғақтар бойынша) тіркеледі. Басқарма төрағасы-Ректор өтінішке қол қойғаннан кейін АРДД бұйрық жобасын дайындайды. Университет қашықтықтан жұмыс істеген кезде жұмыскер өз өтінішінің

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 15-беті

сканерленген нұсқасын АРДД электрондық поштасына жібере алады info@okmpu.kz, оның негізінде АРДД қызметкері бұйрық жобасын дайындайды.

6.7.2 Қол қойылған бұйрық жұмыскерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол қойылып таныстырылады.

6.7.3 Қол қойылған бұйрық негізінде АРДД лауазымдық тұлғасы жұмыскердің жеке карточкасына және еңбек кітапшасына жазба жасайды.

6.8 Қызмет етуші жұмыскердің құзыреттілік деңгейін анықтау

6.8.1 Жұмыскердің құзыреттілік деңгейін анықтаумен жұмыскерлердің міндеттемелері мен өкілеттіліктері көрсетілген лауазымдық нұсқаулық негізінде құрылымдық бөлім басшыларының қатысуымен мамандарды іріктеу бойынша комиссия шұғылдануы тиіс.

6.8.2 Қызмет етуші жұмыскер құзыреттілігін бағалаудан кейін жұмыскердің бос лауазымға сәйкестігі немесе жаңа үміткерлерді қарастыру қажеттігі жөніндегі шешім қабылданады.

6.9 Жұмыскерді біліктілігін арттыру курсынан өтудегі қажеттіліктерді анықтау

6.9.1 ОПҚ біліктілігін арттыру курсынан қажеттілігін төмендегілер негізінде Үздіксіз білім беру орталығы анықтайды:

- Факультет декандарының, кафедра меңгерушілерінің қызметтік хаттары мен жұмыскерлердің өтінімдері;
- басшылар мен мамандардан сұрастыру;
- оқу қызметі нәтижелерін талдау;

6.9.2 Оқу даму стратегиясының негізгі бағыттары және ұсынылған өтінімдер негізінде Үздіксіз білім беру орталығының басшысы жұмыскер біліктілігін жоғарылатудың ілгерілемелі және ағымдағы жылдық жоспарларын даярлауы және оқу жылының аяғында жоспарлардың орындалуы жөніндегі есептерді құрастыруы тиіс.

6.9.3 Құрылымдық бөлім қызметінің бағытын ескере отырып, жұмыскерлерді даярлау саласы анықталады және мамандардың қажетті мөлшері бекітіледі.

6.10 Жұмыскерді ынталандыру

6.10.1 ОҚПУ басшылығы келесі бағыттарда жұмыскерлерді ынталандыруды қарастырады:

- Жұмыскерді ынталандыру;
- Әлеуметтік мәселелерді шешу;
- Кәсіби әдепті сақтау.

6.10.2 Жұмыскерлерді ынталандыру екі тәсілмен жүзеге асырылады:

- Моральдық ынталандыру;
- Материалдық ынталандыру.

6.10.3 Мадақтауға өз қызметінің нәтижелері бойынша жоғары сапалық көрсеткіштерге ие болған бөлім жұмыскерлері ұсынылады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 16-беті

6.10.4 Мадақтаулар жөніндегі шешімдерді ОҚПУ Басқарма төрағасы-Ректоры қабылдайды.

6.10.5 Мадақтау үшін үміткерлерді ұсынуды бөлім жетекшілері іске асырады.

6.10.6 Моральдық ынталандыру ретінде жұмыскерлерге алғыс жариялануы, алғысхатпен марапаттау берілуі мүмкін.

6.10.7 Еңбек сапалылығы көрсеткіштері бойынша жоғары бағаға ие болған жұмыскерлерге Алғыс беріледі.

6.10.8 Материалдық ынталандыру ретінде ОҚПУ жұмыскерлеріне ақшалай сыйақы беру қолданылады.

6.10.9 Сыйақыны төлеу жұмыскерлер тізімі, олардың шамаланған сыйақылары, олардың лауазымдары мен жетістіктері, бөлімнің қол жеткізген нәтижелері көрсетіле отырып, құрылым басшының қызмет хаты негізінде Басқарма төрағасы – Ректор бұйрығымен жүргізіледі.

6.10.10 Жұмыскерлерге сыйақы тағайындауды айлық жалақы қорын үнемдеу жолымен іске асыру қажет.

6.10.11 ОҚПУ-да жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуына кепілдік беретін Ұжымдық шартпен бекітілген.

6.10.12 ОҚПУ жұмыскерлері кәсіби әдепті, субординацияны, еңбек тәртібі нормаларын сақтауы тиіс.

6.10.13 ОҚПУ әрбір жұмыскері өз қызметінің маңыздылығын, сапа саласындағы ортақ мақсаттарға қол жеткізудегі өзінің жеке үлесінің маңыздылығын сезінуі тиіс.

6.10.14 Әрбір жұмыскер сапа саласындағы қабылданған саясатты, сапа менеджменті жүйесіндегі өзінің ролін, ұйым дамуындағы оның ықпалын ұғынуы тиіс.

6.10.15 Әрбір жұмыскер орнатылған процедура мен стандарттардан ауытқудың әлеуетті салдарлары үшін жауапкершілікті сезіне білуі тиіс.

6.10.16 ОҚПУ әрбір жұмыскері Қазақстан Республикасының ағымдағы күші бар еңбек заңнамаларымен сәйкестікте жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын алуға құқылы (**Қосымша 17**).

6.10.17 Университет жұмыскеріне материалдық көмек көрсетілуі қажет болған жағдайда, құрылым басшысы университет Басқарма төрағасы-Ректордың атына қызмет хат жазады. (**Қосымша 22**)

6.11 Еңбек демалысы.

6.11.1 Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен сәйкес ОҚПУ жұмыскеріне жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын бере отырып, жұмыс орны сақталады.

6.11.2 Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы жұмыскерлерге 30 күнтізбелік күн ұзақтығында беріледі. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 17-беті

құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көбірек күн саны белгіленуі мүмкін.

6.11.3 ОҚПУ барлық педагогикалық жұмыскерлері 56 күнтізбелік күн мерзіміндегі ұзартылған негізгі жыл сайынғы еңбек демалысын алуға құқылы.

6.11.4 Жұмыскерге жұмыс істеген бірінші және келесі жылдары үшін жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында беріледі.

6.12 Еңбек демалыс кестесі.

6.12.1 ОҚПУ ОПК, жұмыскерлердің еңбек демалыс демалыс кестесі қолданылады (**Қосымша 27**). Демалыс кестесін құрылымдық бөлімдегі жұмыс уақытын есепке алу табелін жүргізуге жауапты жұмыскер жасайды, кесте жұмыскерлермен келісіледі және кәсіподақ ұйымының төрағасы мен құрылымдық бөлім басшысының қолын қойдырады. Кафедра жұмыскерлерінің демалыс кестесіне кафедра меңгерушілері мен декан қол қояды. Қол қойылған кестелер АРДД өткізіледі. Еңбек демалысы кестесін АРДД мақұлдағаннан кейін ЖОО Басқарма төрағасы-Ректоры бекітеді. Бекітілген еңбек демалысының кестелері АРДД беріледі. Университет жұмысы қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылған кезде, демалыс кестелерінің сканерленген нұсқалары АРДД-нің info@okmru.kz электрондық поштасына жіберілуі мүмкін.

6.12.2 Жыл сайынғы еңбек демалысын рәсімдеу.

Бекітілген демалыс кестелерінің негізінде АРДД лауазымдық тұлға жұмыскерге еңбек демалысын беру туралы бұйрық жобасын дайындайды. Бұйрықтың негізінде АРДД жұмыскерлері демалыс беру туралы жазбаларды жұмыскердің жеке карточкаларына енгізеді.

6.12.3 Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын ұзарту немесе кейінге қалдыру.

Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы толық немесе оның бір бөлігі мынадай жағдайларда ауыстырылады:

- жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы (оның бір бөлігі) қызметкердің еңбекке уақытша жарамсыздығына көзделген және жүктілігі және босануы бойынша демалыс кезінде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысында болған кезеңде қызметкердің өтініші бойынша ауыстырылады. Ауыстырылған еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша келесі жұмыс жылындағы еңбек демалысына қосылуы немесе жұмыскердің өтініші бойынша ағымдағы жұмыс жылында бөлек берілуі мүмкін.

- жыл сайынғы ақы төленетін демалыс уақытында жұмыскердің мемлекеттік міндеттерді орындауы, егер бұл үшін еңбек заңнамасында жұмыстан босату көзделсе;

- ҚР Еңбек кодексінде, жергілікті нормативтік актілерде көзделген басқа жағдайларда;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 18-беті

6.4.3.1 Жыл сайынғы ақылы демалыс күнін ауыстыру үшін жұмыскер ЖОО Басқарма төрағасы-ректорының атына өтініш жазады (**Қосымша 16**). Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын демалыс кестесімен бірге ауыстыру туралы өтініштер сақталады. Университет жұмысы қашықтықтан жұмыс істеуге ауысқан кезде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын ауыстыру туралы өтініштің сканерленген нұсқасы АРДД –ның info@okmru.kz электрондық поштасына жіберілуі мүмкін.

6.12.4 Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын бөліктерге бөлу. Еңбек демалысынан кері шақыртып алу. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша бөліктерге бөлінуі мүмкін. Бұл ретте жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы бөліктерінің бірі күнтізбелік он төрт күннен кем болмауға тиіс. Жұмыскерді еңбек демалысынан шақырып алу оның келісімі болған жағдайда ғана мүмкін. Осыған байланысты жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі осы ОҚПУ жылы ішінде жұмыскер қалауы бойынша оған қолайлы уақытта берілуі немесе келесі ОҚПУ жылындағы ақылы еңбек демалысы мерзіміне қосылуы мүмкін.

6.12.4.1 Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерді, жүктілігі туралы анықтаманы жұмыс берушіге берген жүкті әйелдерді және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысынан кері шақыртып алуға жол берілмейді. Жұмыскерді еңбек демалысынан кері шақырып алу үшін бөлім жетекшісі АРДД-не жұмыскерді еңбек демалысынан шақырып алу жөніндегі қызметтік хатты жолдайды, бұл үшін оған жұмыскердің жазбаша келісімі болуы тиіс. Қызметтік хатқа Басқарма төрағасы-Ректор немесе өкілетті проректор қол қояды. АРДД жұмыскері қызметтік хат негізінде еңбек демалысынан шақырып алу жөніндегі бұйрық жобасын әзірлейді.

6.12.5 Жалақы сақталмайтын еңбек демалысы.

6.12.5.1 ҚР Еңбек Кодексіне сай отбасы жағдайы бойынша және басқа да дәлелді себептер бойынша жұмыскерге оның жазбаша өтініші бойынша айлық жалақысы сақталмайтын еңбек демалысы берілуі мүмкін, оның ұзақтығын жұмыскер мен Басқарма төрағасы-ректор арасындағы келісім бойынша анықтайды. Жұмыскер хабарламасы негізінде жұмыс беруші бес күнтізбелік күнге дейін жалақысы сақталмайтын демалыс беруге міндетті:

- 1) неке тіркелгенде;
- 2) бала туылғанда;
- 3) жақын туыстары қайтыс болғанда;
- 4) еңбек заңнамасында, ұжымдық шарттарда көзделген өзге де жағдайларда

6.14.5.2 Жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы жұмыскер Басқарма төрағасы-Ректордың атына жазбаша өтініш жазады (**Қосымша 21**). Қол қойылған жұмыскер өтініші негізінде АРДД жұмыскері бұйрық жобасын

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 19-беті

даярлайды және жұмыскердің жеке карточкасының еңбек демалысы тұсына сәйкес жазбаны түсіреді. Университет қашықтықтан жұмыс істеуге ауысқан кезде жұмыскердің жалақы сақталмайтын демалысы туралы өтінішінің сканерленген нұсқасы АРДД-нің info@okmru.kz электронды поштасына жіберілуі мүмкін. Бұйрықтың негізінде АРДД жұмыскері демалыс бағанында жұмыскердің жеке карточкасына тиісті жазбалар жасайды.

6.12.6 Жүктілікке және босануға байланысты еңбек демалысы.

6.12.6.1 ҚР Еңбек Кодексіне сай жүкті әйелдерге олардың өтініші бойынша және еңбекке жарамсыздық парағы негізінде жүктілігі мен босануы бойынша демалыс беріледі.

6.12.6.2 Жұмыскер АРДД-не уақытша еңбекке жарамсыздық парағын және өтінішін береді (**Қосымша 9**). Университет жұмысы қашықтықтан жұмыс істеуге ауысқан кезде жұмыскерлердің сканерленген өтінішінің нұсқасы және уақытша еңбекке жарамсыздық парағы АРДД-ның info@okmru.kz электрондық поштасына жіберілуі мүмкін.

АРДД жүктілігі мен босануы бойынша демалыс ұсыну жөніндегі бұйрық шығарады.

6.12.7 Бала күтімі бойынша демалыс.

6.12.7.1 ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде (**Қосымша 19**) оның ұзақтығы көрсетіле отырып және баланың туу туралы куәлігі немесе баланың туу фактісін растайтын басқа құжат ұсыныла отырып беріледі. Жұмыскер бала күтіміне байланысты демалысты бала үш жасқа толғанға дейін толық немесе бөліп пайдалана алады. Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс уақытында жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

6.12.7.2 Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс аяқталғанға дейін жұмысқа шыққан жағдайда, жұмыскер Басқарма төрағасы-Ректордың атына өтініш арқылы өзінің ниеті туралы жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын хабардар етуге міндетті (**Қосымша 13**). Университет қашықтықтан жұмыс істеуге ауысқан кезде, сканерленген өтініш нұсқасы АРДД-нің info@okmru.kz электрондық поштасына жіберілуі мүмкін.

Қол қойылған өтініш негізінде АРДД жұмыскердің жұмысқа кірісуі жөніндегі бұйрықты шығарады.

6.13 Қабылданған процедураның нәтижелілігі

6.13.1 Кафедраларда әрбір оқу жылы үшін соңғы нәтижедегі жұмыскерлердің үлесін анықтайтын ОПК қызметін кешенді бағалау жүргізіледі.

6.13.2 Университеттің ОПК мен жұмыскерлерінің білім беру және тәрбие процесінің сапасын арттыруға материалдық қызығушылығын күшейту, шығармашылық белсенділік пен бастамашылдықты дамыту, қойылған міндеттер мен максаттарды тиімді шешу, білікті кадрлардың қызметін

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Персоналдар менеджменті процедурасы	61 беттің 20-беті

көтермелеу, сондай-ақ университеттің жалпы рейтингтік көрсеткішін арттыру үшін Қазақстан Республикасының жоғары ОҚПУ орындары арасында университетте СМЖ ОҚПУ Е 8.06-2024 «Оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің қызметін рейтингтік бағалау туралы ережесі әзірленді». Бұл процедура ОПК, кафедралар, факультеттер және университет жұмыскерлерінің қызметін рейтингтік бағалауға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді (құрылымдық бөлімдердің қызметкерлеріне үстемеақы/қосымша ақы төлеу туралы қызметтік жазба үлгісін (**Қосымша 15**) толтырады.

6.14 Жұмыскердің хабардарлығы

6.14.1 Жұмысқа орналасу кезінде университет қызметкерлері оның университеттегі және сапа саласындағы мақсаттарға қол жеткізудегі қызметінің өзектілігі мен маңыздылығы туралы хабардар болуы тиіс.

